



БҰЙРЫҚ

25.09.2023 ы

Махамбет ауылы

ПРИКАЗ

№ 129

село Махамбет

**«Мектеп парламенті» білім  
алушыларының өзін-өзі  
басқару органдарын  
күру туралы**

«Мектеп/студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Мектеп парламенті» сайлауын өткізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

1) Ж.Карабалина – комиссия төрайымы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

2) Д.Хансултанова – комиссия мүшесі, мектеп тәлімгері;

3) А.Салихова- комиссия мүшесі, педагог-психолог;

4) М.Моташева-комиссия мүшесі, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі;

5)М.Тулешова- комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог;

2.Мектеп бойынша білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу мақсатында «Мектеп парламенті» құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. «Мектеп парламентінің» құрылымы жасақталсын.

4. «Мектеп парламенті» құрылымына жауапты жетекші тәлімгер Д.Хансултанова тағайындалсын.

5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Т.Идркенова

## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ТЬЮТОРЛАРЫ





Бекітемін:

Мектеп директоры

Т.Г.Идркенова

**Д.Төленов атындағы орта мектебі бойынша  
«Жарқын Жастар» өзін-өзі басқару ұйымының өкілдері  
2023-2024 оқу жылы**

<b>№</b>	<b>Мектеп парламентінің құрылымы</b>	<b>Мектеп президенті мен депутаттары</b>	<b>Мектеп парламентінің тьюторлары</b>
1	Өзін-өзі басқару ұйымының президенті	А.Исатаев	Д.Хансултанова
2	ҚР БҒМ балалар өкілдігі	Орынбасар Қаракат	Д.Хансултанова
3	Дебат фракциясы	Қайратқызы Акмоншак	Ж.Жумаханова
4	Ақпарат және баспа комитеті	Смағұл Гүлшат	С.Давлетьяров
5	Спорт және СӨС комитеті	Дәуіткалиев Бексұлтан	Қ.Қабенов
6	Өзін-өзі тану және бақыт комитеті	Камашева Аида	А.Наурызова
7	Экология және еңбек комитеті	Әділбек Қаракат	А.Бажекенова
8	Құқық және тәртіп комитеті	Орынбасар Қаракат	О.Гарифуллина
9	Мәдениет және өнер комитеті	Нұрғалиұлы Бекарыс	Ә.Хисметуллина
10	Қамқорлық (еріктілер) комитеті	Әлиханқызы Еркежан	М.Төлешова



Д.Төленов атындағы орта мектептің директоры

Т.Г.Идркенова

2023 жыл



**Д.Төленов атындағы «Жарқын жастар» өзін-өзі басқару ұйымының жоспары  
2023-2024 оқу жылы**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Оқушылар кеңесі мүшелерімен жиналыс өткізу, атқаратын жұмыстарды талқылап, жана 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту	01-15.09.2023 жыл	Д.Хансултанова Фракция мүшелері
2	ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік Ережемен таныстыру	24.09.2023 жыл	Д.Хансултанова Фракция мүшелері
3	Жол ережесі бойынша «Жол ережесін сақтаңыз!» сынып сағаты (2 сынып)	Қазан	Құқық және тәртіп фракция жетекшісі Қ.Орынбасар
4	Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу (1-11 сынып білім алушылары)	Токсанына 1 рет	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер
5	«Мектеп Лигасы» спорттық іс-шаралар	Айына 1 рет	«Спорт және СӨС» фракциясы Б.Дәуітқалиев
6	Ұйым мүшелерінің отырысы	Қазан	Оқушылар парламенті, «Жас Ұлан» ұйымы
7	«Ұстаздарға тағзым» мерекелік кеш	Қазан	«Мәдениет пен өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
8	«Әдеп – ең қымбат мұрас» дөңгелек үстел (5-7 сыныптар)	06-09.02.2023 жыл	Мектеп психологтары ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер «Өзін өзі тану және бақыт» фракциясы
9	«Ағаның ініге қамқорлығы» видеоролик сайысы	17-21.01.2023 жыл	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер «Қамқорлық» фракциясы Е.Әлиханқызы Фракция мүшелері
10	«Қазақи салт-дәстүр құнды ма әлде заманауилық маңызды ма?» Дебат. Пікірсайыс	Қазан	ДТЖО Тәлімгер Ж.Жұмаханова «Дебат» фракциясы
11	«Сыбайлас жемқорлық әдет пе, әлде мәжбүрлік пе?» пікірталас	Қаңтар	ДТЖО Тәлімгер Ж.Жұмаханова Сынып жетекшілер «Дебат» және «Құқық» фракциясы
12	«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» Дебат	Сәуір	ДТЖО Тәлімгер Ж.Жұмаханова Фракция мүшелері
13	«Ауылда өмір сүрген жақсы ма, әлде қала өмірі қолайлы ма?» (түсінік жұмысы)	Қаңтар	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – Қ.Орынбасар
14	«Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында қауіпсіздік жадынамалар тарату	Желтоқсан	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – Қ.Орынбасар
15	Мектеп кабинеттері мен дәліздердің тазалығы, оқушылар арасындағы тазалық жұмыстарын қадағалау	Үнемі	«Экология және еңбек» фракциясы жетекшісі – Қ.Әділбек

16	25 қазан Республика күні	Қазан	«Мәдениет пен өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
17	«Тұғыры биік Тәуелсіздік»	Желтоқсан	Мектеп Президенті А.Исатаев «Мәдениет пен өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
18	Қысқы эстафеталық-спорттық ойындар	Ақпан	Спорт және СӨС фракциясы- Б.Дәуітқалиев
19	Өткізілген іс-шараларды БАҚ әлеуметтік желіге жариялау	Үнемі	«Ақпарат және баспа» фракциясы Г.Смағұл
20	Ұйым мүшелерінің отырысы	Қаңтар	Оқушылар парламенті, «Жас Ұлан» ұйымы
21	«Табиғат тамашалары» суреттер байқауы (7 сыныптар)	Сәуір	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер «Экология және еңбек» фракциясы Әділбек Қ.
22	«Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» танымдық сабақ (5-6 сыныптар)	Сәуір	Тәлімгер Сынып жетекшілер «Экология және еңбек» фракциясы Әділбек Қ.
23	«Менің ағашым» мектеп алдын	Сәуір	«Экология және еңбек» фракциясы Әділбек Қ.
24	«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тән пішер» колонер көрмесі (5-6, 7-8 сыныптар)	Наурыз	Тәлімгер Сынып жетекшілер А.Бажекенова, Г.Бисембаев «Экология және еңбек» фракциясы Әділбек Қ.
25	«Буллингке жол жоқ!»	Ақпан	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – Қ.Орынбасар
26	«Мен және менің ортам» тренинг	Ақпан	«Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясы жетекшісі Камашева Аида
27	«Әдеп – ең қымбат мирас» дөңгелек үстел	Желтоқсан	Мектеп психологтары ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер «Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясы жетекшісі Камашева Аида
28	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында сайыс ұйымдастыру	Наурыз	Оқушылар Парламенті
29	«Жұлдызды START» байқау (5-10 сыныптар)	Ақпан	Мектеп президенті А.Исатаев «Мәдениет және өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
30	«Мәңгі жарық күн сыйлаған маған ...» мерекелік шара	Наурыз	Мектеп президенті А.Исатаев «Мәдениет және өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
31	«Мәңгі жарық күн сыйлаған маған.....» мерекелік шара	Наурыз	Мектеп президенті А.Исатаев «Мәдениет және өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
32	Ұлы тұлғаларға арналған поэзиялық кеш (5-7 сыныптар)	Сәуір	Мектеп президенті А.Исатаев «Мәдениет және өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
33	«Біз өнерлі жастармыз!» флеш-моб (5-8 сыныптар)	Сәуір	Мектеп президенті А.Исатаев «Мәдениет және өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
34	Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына сай шаралардың орындалысын қорытындылау. Өткізілген іс-шараларды әлеуметтік желіге жариялау.	Мамыр	МДТЖО Тәлімгер «Мектеп парламенті» Президенті «Ақпарат және баспа» фракциясы Г.Смағұл

**Д.Төленов атындағы орта мектебі**  
**«Өзін өзі басқару» ұйымының жиналысы болып өтті**

**Хаттама № 1**

**Күн тәртібінде:**

- 1.Өзін өзі басқару ұйымының жылдық жоспарын бекіту
- 2.Мектеп оқушыларына «Өзін өзі басқару» ұйымының жұмысын таныстыру

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелермен мектеп тәлімгері Д.Хансултанова айтып өтті. 2023-2024 оқу жылы бойынша «Өзін өзі басқару» ұйымының жылдық жоспары бекітілді. Алдағы уақытта осы іс шара негізінде жұмыстанамыз деп ойлаймын.

◆ Оқушылардың бірыңғай ұжымын қалыптастыру арқылы мектептің тәрбие жүйесін қалыптастыру және оқу - тәрбие үдерісін жетілдіру

1. Жалпы ережелер 1. Өзін - өзі басқару кеңесінің мақсаттары:

◆ Оқушылардың бірыңғай ұжымын қалыптастыру арқылы мектептің тәрбие жүйесін қалыптастыру және оқу - тәрбие үдерісін жетілдіру.

◆ Басқарудың демократиялық нысандарын кеңейту және мектеп оқушыларын педагогикалық ұжыммен ынтымақтастыққа тарту.

◆ Оқушыларды ұжымдық шешім қабылдауға, іскерлік қарым – қатынасқа, ұйымдастырушылық жұмысқа дағдыландыру, олардың бастамалары мен белсенділіктерін, мәселелерді шеше білу ептіліктерін дамыту.

◆ Оқушылардың өзіне - өзі қызмет көрсету, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мәселелерді шешуге қатысуы.

2. «Өзін - өзі басқару» Кеңесі келесі құжаттар негізінде қызмет етеді:

• Оқушылардың ішкі тәртіп ережелері;

• өзін - өзі басқаруды ұйымдастыру және оның комиссисының қызметі туралы ереже;

Алдағы өткізілетін жұмыстармен таныстырылып өтті.

**Сөйлеушілер:** Мектеп президенті Исатаев Асылтек сөз алды. Бүгінгі отырыста күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырылып өттім. Мектептегі өткізілетін іс шаралармен оқушыларды тартуды алға қойамыз. Әр фракция мүшелері өз іс шара жоспарымен жұмыстарды уақытылы ұйымдастырады деп ойлаймын.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. «Өзін өзі басқару» ұйымының жылдық жоспары негізінде іс шаралар уақытылы ұйымдастырылсын.

2. Мектеп оқушыларына «Өзін өзі басқару» ұйымының жұмысы таныстырылсын

**Өзін өзі басқару ұйымының жетекшісі:** Д.Хансултанова

**Хатшы:** А.Мәдениет

Д.Төленов атындағы орта мектебінің «Өзін-өзі басқару» ұйымының отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді мектеп тәлімгері Д.Хансултанова балаларға айтылып, жылдық жоспар таныстырылды. Алдағы уақытта осы жоспар аясындағы іс-шаралар өз нәтижесінде өтілетіндігі жөнінде айтылды.





2023 жылдың 17 қараша күні Д.Төленов атындағы орта мектебінде “Өзін-өзі басқару” ұйымының жылдық жоспары бойынша құқық фракция жетекшісі Орынбасар Қарақаттың ұйымдастыруымен “Жол ережесін білесің бе?” тақырыбында 2 “Ә” сыныбында танымдық сағат өткізілді.



Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында **«ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»** тақырыбында мектеп инспекторларымен кездесу ұйымдастырылды.

Махамбет ауданы, Махамбет ауылында орналасқан Д.Төленов атындағы орта мектебінде 8-11 сынып оқушыларымен «Жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында жиын өтті.

Махамбет ауданы полиция бөлімінің орынбасары полиция полковнигі А.Мурсалиев, Махамбет ауданы прокурорының орынбасары кіші әділет кеңесшісі Д.Жұмағалиев, Махамбет ауданы полиция бөлімінің ювеналды полиция тобы аға учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Бактикереев Ахмедьяр Жанибекович қатысып, ҚР ӘҚБтК-ның 127, 434, 435, 423/1, 441, 442 баптары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, оқушылардың қойған сауалдарына жауап берді.

Шараның басты мақсаты: балалардың құқықтарын бұзу фактілерін анықтау және ескерту, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының, қылмыспен құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру болып табылады.



### «Мектеп парламенті Президентін ұлықтау»

Мектеп парламенті – оқушылардың өкілетті ұйымы ретінде мектептің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға, мектеп өміріндегі мәдени

іс-шаралар мен ағымдағы болып жатқан істерді шешуге белсене араласады.

Дүйсенғали Төленов атындағы орта мектебінің Президенті мен Парламент мүшелерінің ұлықтауға арналған салтанатты рәсімі өткізілді.



Д.Төленов атындағы орта мектебінде 2023 жылдың 9 қараша күні "Ұшқыр ой" дебат клубы мен Өзін-өзі басқару ұйымының дебат фракциясының



ұйымдастыруымен АПФ форматында «Қазақи салт-дәстүр құнды ма әлде заманауилық маңызды ма?» тақырыбында дебат өткізілді.




Жоспар бойынша қазақ айының бірінші аптасында шәкірт санасына сәуле шашып, шырақ отын маздатқан ұстаздар қауымының төл мерекесі Д.Төленов атындағы орта мектебінде ерекше сән-салтанатымен аталып өтті. Мектебіміздің түлектері мен «Мектеп парламенті» ұстаздарға ерекше көңіл-күй сыйлап, жүрек жарды тілектерін айтып әдемі әуенмен қарсы алды. Керемет көңіл-күймен мерекелік шара өз жалғасын тапты.

Мерекелік шарада мектеп директоры Талшын Ғабитқызы барша ұстаздарды мерейлі мерекемен құттықтап, өмірлік жолын ұстаздық жолмен байланыстырып, келешек ұрпақтың тәлім- тәрбиесіне арнауды мақсат еткен бірқатар жас мамандарға арнайы КУӘЛІК табыстады. Жас ұстаздар салтанатты түрде Ант қабылдап, ән-шашуын арнады. Мерекелік кеш әрі қарай мектеп түлектерінің дайындаған “Білімнің дәнін сепкен ой-санама, Ұстаздар, бас иемін мен алдында” атты сазды бағдарламасымен жалғасын тапты.



Д.Төленов атындағы орта мектебінде 2023 жылдың 9 қараша күні "Ұшқыр ой" дебат клубы мен Өзін-өзі басқару ұйымының дебат фракциясының ұйымдастыруымен АПФ форматында «Қазақи салт-дәстүр құнды ма әлде заманауилық маңызды ма?» тақырыбында дебат өткізілді.




## ОҚУШЫЛАР ДЕБАТ АЛАҢЫНДА ЖҮЗДЕСТІ

🎓 Д.Төленов атындағы орта мектебінде "Ұшқыр ой алаңы" дебат клубтарының жобасы аясында пікірталас ойындары жалғасын табуда. Басты мақсат – жастарды шешендік өнерге баулып, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, көпшілік ортада еркін сөйлей алатын жаңашыл, ізденімпаз тұлға ретінде қалыптасуларына ықпал жасау болып табылады.

🎓 Осы орайда мектебіміздегі "Зияткер" дебат клубының ең жас мүшелері, яғни 7 сынып оқушылары «Ауылда өмір сүрген жақсы ма, әлде қала

өмірі қолайлы ма?" деген тақырыпта сөз таластырды.

📖 Дебат ойынына мектеп парламентінің мүшелері қазылық етіп, ойын барысын талдап, оқушыларды марапаттады. Пікірсайыс алаңында өзіндік позициясын тамаша дәлелдеп, ой жүйелілігімен көзге түскен "Оппозиция" тобы жеңіске жетті. «ҮЗДІК СПИКЕР» номинациясымен Жеткіл Әселхан марапатталды.



Оқушыларға жеке бас қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға, берілген ескертулер мен ережелер белгілерімен таныстыру, нұсқауларды дұрыс орындауға тәрбиелеу мақсатында "Өзін-өзі басқару" ұйымының Президенті Исатаев Асылтек бастаған топ мүшелері бастауыш сынып оқушылары арасында "Қауіпсіз мектеп" акциясы аясында түсіндірме жұмыстар жүргізіп, қауіпсіздік жадынамалар таратты.





25 қазан Республика күніне орай 2023 жылдың 24 қазан күні "Мәңгілік жаса, қыран елім, Қазақстаным!" тақырыбында салтанатты жиын өтті. Мемлекеттік Гимн орындалып, мектеп әкімшілігі жиынға қатысушыларды мерейлі мерекемен құттықтап, Республика күнінің маңызы мен мәртебесін атап өтті. Сахнаны керемет ән шашуымен мектеп парламентінің «Мәдениет және өнер» фракциясының жетекшісі Нұрғалиұлы Бекарыс ашты. Жиын әрі қарай 1А және 9Б сынып оқушыларының концерттік бағдарламасымен жалғасты.



Қазақстан Республикасының Ел Тәуелсіздігі күніне орай «Тұғыры биік Тәуелсіздік» тақырыбында салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиында мектеп президенті Исатаев Асылтек көркем сөз оқыса, мәдениет және өнер фракция жетекшісі Нұрғалиұлы Бекарыс және Камашева Аида әсем әндерін шырқады.





Отбасы құндылықтарына мемлекеттік деңгейде құрмет көрсетіліп, жанұя бақытына жол ашатын айтулы күнге орай Д.Төленов атындағы орта мектебінің

“Өзін-өзі басқару” ұйымының жылдық жоспарына сай 8-9 сынып оқушылары және ата-аналары арасында “Family Quiz” интеллектуалдық ойын өткізілді.

**Ойынның мақсаты:** мектеп оқушылары және ата-аналарының түрлі бағытта білімін шыңдап, зияткерлік қабілетті дамыту, отбасылық ынтымақтастықты және үштік одақ жұмысын жандандыру.

Ойын III-кезеңнен тұрды. Әр кезеңі өзіндік ерекшеліктерімен есте қалды.

Нәтижесінде I-орынды Ермекбаевтар отбасы, II-орынды Орынғали отбасы, III-орынды Томановтар отбасы жеңіп алса Бас Жүлдені Талғатовтар отбасы жеңіп алды. Ойынға қатысушы барлық отбасыларға дипломмен естелік сыйлықтар табысталды.

📖 “Family Quiz” отбасылық интеллектуалдық ойынға белсене қатысқан ата-аналарымыз бен оқушыларымызға алғыс айтамыз!

Әрбір Қазақстанның отбасына береке бірлік, татулық ұялап, төріне шаттық орнасын!



